

**10 ЖЫЛ  
КЕШІГІП  
ЖЕТКЕН  
МЕДАЛЬ**

→2

**«БАВАРИЯ» –  
«БАРСЕЛОНА» –  
16:2**

→5

**US OPEN-ДЕГІ  
СӘТСІЗДІКТЕН  
ТҮЙІН ШЫҒАРУ  
КЕРЕК**

→8

# ҚАЗАҚ СПОРТЫ

Газет 1959 жылғы  
1 қаңтардан шыға бастады

Республикалық  
апталық

qazaqsporty.kz

№35 (5386)  
21 қыркүйек 2022 жыл

Газет сейсенбі  
күні шығады

kazakh\_sporty@mail.ru

## КІМ ҰТТЫ, КІМ ҰТЫЛДЫ?!

**САУЛЬ АЛЬВАРЕСКЕ ЖЕҢІЛГЕН ГЕННАДИЙ ГОЛОВКИН  
20 МЛН ДОЛЛАРДЫ ЖАМБАСҚА БАСТЫ**



**АҚШ-ТЫҢ ЛАС-ВЕГАС ҚАЛАСЫНДА ӨТКЕН САУЛЬ АЛЬВАРЕС ПЕН ГЕННАДИЙ ГОЛОВКИН АРАСЫНДАҒЫ ТРИЛОГИЯ КӨПШІЛІК КҮТКЕНДЕЙ 12 РАУНДҚА ЖАЛҒАСЫП, МЕКСИКАЛЫҚ БОКСШЫНЫҢ ЖЕҢІСІМЕН АЯҚТАЛДЫ.**

«Бұл ән бұрынғы әннен өзгек» дегендей, бұл жолғы аяқас бұған дейінгі екі кездесуден мүлде басқа жағдайда өтті. Мәселен, 2017 және 2018 жылдары ұйымдастырылған бірінші және екінші жекпе-жек орта салмақта өтіп, Головкин рингке чемпион ретінде көтерілген болатын. Ал «Канело» болса чемпиондық белдікке үміткер боксшы ретінде шаршы алаңға шыққан еді. Төрт жылдан кейін қайта ұйымдастырылған қос боксшының үшінші кездесуі бір салмақ жоғары, яғни екінші орта салмақта өтіп, бұл жолы Сауль екінші орта салмақтың чемпионы ретінде белдіктерін қорғады.

Тағы бір ерекше тоқталып өтерлік жайт, мұхиттың арғы бетіндегі бокс кешінде ән әлемінде дүние жүзіне танылып үлгерген қазақтың әйгілі әншісі Димаш Құдайберген Қазақстанның әнұранын шырақады.

Жекпе-жек алдындағы ресми іс-шаралар аяқталған соң, екінші орта салмақтың «короли» анықтайтын салмақ-жек те басталып кетті. Алғашқы раундта боксшылар әдеттегідей бір-бірін андысуымен, кездесуге қандай дайындықпен, қандай тактикамен келгенін барлаумен болды. Басқа-басқа, Головкин мен «Канело» бір-бірінің қарым-қабілетін, қандай мүмкіндікке ие екендіктерін өте жақсы біледі. Бұған дейінгі екі кездесудегі 24 раундтық аяқасты айтпағанның өзінде, олар оның алдында талай мәрте жаттығу залында бірге дайындалып, спарринг-серіктес ретінде бірнеше раунд жұдырықтасып, өзара шеберліктерін шейінді.

Осыған орай бірінші жекпе-жекте Геннадий Головкин, боксшылардың тілімен айтқанда, «бірінші нөмірмен» жұмыс істесе, кейінгісінде Альварес рингтің ортасында билік жүргізуге тырысқан

еді. Ал бұл жолы екеуі де артқа шегінбей, шаршы алаңның қақ ортасында қасқайып тұрып аяқасты.

Алғашқы үш раунд тең жағдайда өткенімен, төртінші раундтан бастап «Канело» жылдамдығын арттырып, дәл соққыларды көбірек жұмсай бастады. Тіпті ол әр шабуылын кем дегенде екі соққымен аяқтауға тырысып, ұпай санына жұмыс істей бастағанын байқағты. Ал Головкин болса, тек джеб соққыларымен ғана шектеліп отырды. Келесі раундта да мексикалық боксшы ширақ қимылдағанымен, жанкүйерлер таңдай қағатындай қауіпті соққы жасай алған жоқ. Головкин қарсыластың ашылуын және қателесуін күтіп, біраз соққы жасай алмай жүрді. Сондай-ақ дәл осы раундта отандасымыз физикалық тұрғыда шаршы бастаған сияқты көрінгенді. Кейінгі раундтарда байқағанымыздай, Головкин шаршамаған екен. Бұл жай ғана жекпе-жек барысындағы тактикалық ойын екенін білдік.

Сегізінші раундтан кейін отандасымыз шаршы алаңдағы белсенділігін арттырып, қарсыластына бірнеше соққысын дарыта алды. Кейінгі раундтарда да Геннадий тәуекелге барып, алдыңғы екі жекпе-жектегідей мексикалықты ырықна жығылып, канат арқылы шабуылға көшті. Абырой болғанда, қорғанып жүріп қарсыластын оңдырмай ұратын «Канело» да раунд соңында шаршап, ауыр соққы жасауға әлі келмей қалды.

Сонымен 12 раундқа жалғасқан тартысты жекпе-жектің таңдырын төрешілер шешті. Бірінші төреші төрт раундтық басымдықпен «Канело» жеңіске жетті десе (116-112), қалған екі төреші 115-113 есебімен мексикалық боксшының басым болғанын білдірді. Осылайша, Сауль «Канело» Альварес төрешілердің жеңіске жетіп, бес жылға созылған трилогияның нүктесін қойды.

→2

**ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!**  
ӨТКЕН АПТАНЫҢ СОҢҒЫ КҮНДЕРІ ЕЛ СПОРТЫ ҮШІН МАҢЫЗДЫ ДОДАЛАР ӨТТІ. СОНЫҢ БІРІ – КӘСІПҚОЙ БОКСТЫҢ ОРТА ЖӘНЕ ЕКІНШІ ОРТА САЛМАҚТАҒЫ ТАҢДАУЛЫ БОКСШЫЛАРЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ГЕННАДИЙ ГОЛОВКИН МЕН МЕКСИКАЛЫҚ САУЛЬ АЛЬВАРЕС АРАСЫНДАҒЫ ҮШІНШІ АЙҚАС. СОНДАЙ-АҚ ТАҒЫ БІР МАҢЫЗДЫ ДОДА ОЛ – КҮРЕС ТҮРЛЕРІНЕН ӨТКЕН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ. ОСЫ АЙТУЛЫ ЖАРЫҚ БАЙЛАНЫСТЫ 17 ҚЫРКҮЙЕКТЕ ЖАРЫҚ КӨРУГЕ ТИІС БОЛАТЫН ГАЗЕТТІҢ НӨМІРІ 21 ҚЫРКҮЙЕКТЕ ҚОЛДАРЫҢЫЗҒА ТИІП ОТЫР.

РЕДАКЦИЯ

## БЕЛГРАДТА ҚАЗАҚ ӘНҰРАНЫ ШЫРҚАЛМАДЫ

**СЕРБИЯНЫҢ АСТАНАСЫ – БЕЛГРАДТА КҮРЕС ТҮРЛЕРІНЕН ӨТКЕН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНДА ҚАЗАҚСТАН ЧҚРАМАСЫНЫҢ СПОРТШЫЛАРЫНА АЛТЫН МЕДАЛЬ БҰЙЫРМАДЫ.**

Алдымен бозкілемге греко-рим шеберлері көтерілді. Қазақстанның балуандары арасынан 60 келі салмақтағы Айдос Сұлтанғали ғана өз жанкүйерлерін қуантпа алды. Бастапқы белдесулерінде қарсыластарын сыпыра жеңгенімен, жартылай финалда оның жолы болмады. Қандасымыз қырғызстандық Жоламан Шаршенбековке лайықты қарсылық көрсете алмады. Есесіне үшінші орын үшін күресте ол өзін жақсы қырынан көрсетті. Мажарстандық Кристиан Кечкеметидің әбден сілікпесін шығарған Айдос өзінің спорттық карьерасында екінші рет әлем чемпионатының қола медалін мойнында жарқыратты. Былтыр Ослода да жерлестеріміз бір ғана медаль еншілеген еді. Ол кезде Алімат Кебісбаев үшінші орынға табан тіреген-тін.

Ал өзге грек-рим күресі шеберлерінен еш қайсыры болмады. Жартылай финалда екі жерлесіміз ғана шықты. Бұл жолда грузиялық Нугзари Цурцумияға (3:5) жол берген Аманғали Бекболдұров қола медаль үшін тартыста өзбекстандық Жасурбек Ортиқбоевтан (5:9) жеңілді. Алғашында қандасымыз бес ұпай айырмашылығымен алда келе жатқанда, қалайда қарсыласы оны тік тұрған қалпында қолына мықтап ұстады да, оп-оңай айналдыра салды. Жасурбектің бұл әдісін төрешілер төрт ұпаймен бағалады. Одан кейін Аманғали еңсе тіктей алған жоқ.

Жұбаныш белдесуінде жеңіске жетіп, жүлделі орындар үшін таласу мүмкіндігіне ие болған Ибрагим Магомедов (72 келі) шешуші тұста сүрінді. Әуелде ол да Сельжук Канды ұтып жатқан. Сол басымдығын сақтап қала алмады. Магомедовтің сәл босаңсыған сәтін оңтайлы пайдаланған түркиялық спортшы таразы басын теңестіріп кетті – 3:3. Соңғы ұпайды Қан алғандықтан, ережеге сай жеңіс оның еншісіне жазылды. Ал Ғалым Қадынасыров (63 келі), Дін-Мұхамед Қошқар (67 келі), Темірлан Шадукаев (77 келі), Диас Қален (82 келі), Нұрсұлтан Тұрсынханов (87 келі), Ислам Умаев (97 келі) және Әлімхан Сыздықов (130 келі) бірден жеңілістің кермек дәмін татты.

→3

**ГАЗЕТТІҢ КЕЛЕСІ НӨМІРІ  
1 ҚАЗАНДА ШЫҒАДЫ**

### БАСПАСӨЗ-2022



Мырзағали АЙТЖАНОВ, бокстан әлемнің екі дүркін «Ең үздік бапкері»

### ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Қадірлі спорт жанкүйерлері, спорт мамандары, жаттықтырушылар мен спортшылар, «Қазақ спорты» газетіне 2022 жылға жазылу науқаны жалғасып жатыр.

Сүйікті газеттеріңіздің жыл бойы үйге келіп тұрғанын қаласаңыз, бір жылға толық жазылыңыздар!

«Қазақ спорты» газетінің индексі жеке жазушылар үшін – 64190, кәсіпорындар мен ұйымдар үшін – 14190.

### ГАЗЕТТІҢ БАҒАСЫ ЖӘНЕ ҚАЙДА ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ?

Индексі	Жазылымды қабылдау шарттары: - жеке жазылушылар үшін - кәсіпорындар мен ұйымдар үшін - жеңілдікпен жазылу	1 ай (2 ай)	3 ай (4 ай)	6 ай	12 ай	
64190	Жеке жазылушылар үшін	446,25 464,87	1338,75 1394,61	2677,50 2789,22	5355,00 5578,44	Қала Аудан/ауыл
14190	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	686,25 704,87	2058,75 2114,61	4117,50 4229,22	8235,00 8458,44	Қала Аудан/ауыл
<b>«Эврика пресс»</b>						
64190	Жеке жазылушылар үшін	487,00	1461,00	2922,00	5844,00	
14190	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	756,00	2268,00	4536,00	9072,00	
<b>«Еуразия пресс»</b>						
64190	Жеке жазылушылар үшін	492,00	1476,00	2952,00	5904,00	
14190	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	761,00	2283,00	4566,00	9132,00	
<b>«Бектұрғанов»</b>						
64190	Жеке жазылушылар үшін	507,00	1521,00	3042,00	6084,00	

# ҚАЗАҚСТАН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫН ӨТКІЗГІСІ КЕЛЕДІ

**МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ХОККЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ ЛЮК ТАРДИФТИ ҚАБЫЛДАДЫ.**

Кездесуде хоккей спортын дамытудың және кеңінен танытудың перспективалары, сондай-ақ елімізде ірі халықаралық турнирлер өткізу мәселесі талқыланды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Люк Тардифке Қазақстан хоккейінің жетістіктері, отандық спортты дамыту үшін қабылданып жатқан шаралар мен спорт инфрақұрылымының мүмкіндіктері туралы айтты.

Мемлекет басшысы елімізде хоккей спортына қызығушылық артып келе

жатқанын, балалар мен жасөспірімдерге арналған хоккей мектептері мен жастар командаларының саны көбейгенін атап өтті. Бүгінде спорттың осы түрімен 14 мың аса адам шұғылданады.

Кездесу барысында спорт инфрақұрылымдарының мүмкіндіктеріне ерекше назар аударылды. Осы ретте Президент еліміздің 2027 жылы әлем чемпионатын өткізуге жолдаған өтінімі 2023 жылы мамырдағы дауыс беру кезінде қолдау тапса, Қазақстанның осы іс-шараны



ұйымдастыруға дайын екенін айтты. Қасым-Жомарт Тоқаев Халықаралық хоккей федерациясы өз тарихында Азия құрлығында ешқашан жоғары деңгейдегі чемпионаттар өткізбегенін атап өтті.

Халықаралық хоккей федерациясының президенті кездесуге мүмкіндік бергені үшін Мемлекет басшысына алғыс айтып, Қазақстанда хоккей спортын дамытуға көңіл бөлініп жатқанын жоғары бағалады. Сондай-ақ еліміз халықаралық жарыстарды өте жоғары деңгейде өткізуге қажет барлық инфрақұрылымға ие екенін жеткізді.



## 10 ЖЫЛ КЕШІГІП ЖЕТКЕН МЕДАЛЬ

**ДӘУЛЕТ ШАБАНБАЙ – ЛОНДОН ОЛИМПИАДАСЫНЫҢ ҚОЛА ЖҮЛДЕГЕРІ**

**ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЕРКІН КҮРЕС ПАЛУАНЫ ДӘУЛЕТ ШАБАНБАЙ ЛОНДОН-2012 ҚОЛА ОЛИМПИАДАЛЫҚ МЕДАЛІМЕН МАРАПАТТАЛДЫ, ДЕП ХАБАРЛАЙДЫ OLYMPIC.KZ.**

Д.Шабанбайға марапатты салтанатты түрде тапсыру Белградта (Сербия) өткен күрес түрлерінен әлем чемпионатында өтті. Спортшы медальді Біріккен күрес әлемінің (UWW) басшысы, ХОК атқарушы комитетінің мүшесі Ненад Лаловичтің қолынан алды.

«Қымбатты достар, менің туған халқым, менің Қазақстаным. Аллаға шүкір, мен көптен күткен осы медальды алдым! Мен Халықаралық Олимпиада комитетіне, Ненад Лалович мырзаға, Біріккен күрес әлемінің Президентіне, Қазақстан Республикасы Ұлттық Олимпиада комитетінің, ұлттық федерацияның басшылығына өте ризамын.

Барлығы мені жеке құттықтағанына өте қуаныштымын. Біздің спортшылар чемпион болсын. Дайындалыңдар жігіттер!», деді Дәулет Шабанбай.

«Дәулеттің марапаты он жылдан кейін де спортшының күш-жігері мен шеберлігінің, сондай-ақ бүкіл команданың тиімді жұмысының көрінісі болып табылады. Оны бағаламауға болмайды. Ол біздің балуанның заңды үшінші орны, және бұл-тарихта. Біріккен күрес әлеміне олимпиада медалін беруді ұйымдастырғаны үшін алғысымды білдіремін», деді Қазақстан Ұлттық Олимпиада комитетінің бас хатшысы Андрей Крюков.

«Баршаңызды 10 жылдан кейін өз иесін тапқан қола медальмен құттықтағым келеді. Дәулет – менің ұлым ғана емес, ол-Отанымыздың

ұлы әрі батыры. Барлығына рахмет! Құдай біздің жас ұрпағымызға Дәулет сияқты батылдық пен болашақта табыс берсін.

Қолдау көрсеткендеріңіз үшін барлығыңызға рахмет!», – деді марапаттау рәсіміне ұлымен бірге қатысқан олимпиада жүлдегерінің әкесі Еркін Шабанбай.

Спортшы жүлделерді қайта бөлгеннен кейін Олимпиада Ойыны жүлдегерлерінің қатарына енді. Лондондағы Олимпиадада Дәулет Шабанбай 120 келіге дейінгі салмақ дәрежесіндегі ойын бесінші орында аяқтады. Алайда, кейінірек, 2019 жылы допинг-сынамаларды қайта тексергеннен кейін грузин палуаны Давид Модзмашавили мен Артур Таймазов (Өзбекстан) тыйым салынған препараттарды қолданғаны белгілі болды.

Барлық сынақтардан кейін аталған спортшыларды шеттету, сондай-ақ олардың Лондондағы Олимпиадада көрсеткен нәтижелерін жою туралы шешім қабылданды.

Осылайша, Дәулет Шабанбай ойындардың қола жүлдегері атанды. Комейл Гасеми (Иран) мен Білял Махов тұғырдың бірінші қатарын бөлісті, ал АҚШ-тан келген Тервел Длагнев қазақстандықпен бірге үшінші орынға көшті.

Айта кетейік, Дәулет Шабанбай Азия чемпионатының төрт дүркін қола жүлдегері(2008, 2009, 2011, 2014). Сондай-ақ, 2014 жылы Азия ойындарының күміс медаліне ие болды.

## «БАРЫС» ҚАЙТА «ОЯНДЫ»

**ШАЙБАЛЫ ХОККЕЙДЕН ҚҰРЛЫҚТЫҚ ХОККЕЙ ЛИГАСЫНДА (ҚХЛ) ӨНЕР КӨРСЕТІП ЖАТҚАН АСТАНАНЫҢ «БАРЫСЫ» ӨЗ МҰЗАЙДЫНЫДАҒЫ ТӨРТІНШІ ОЙЫНЫН НОВОСІБІРДІН «СИБИРЬ» КЛУБЫМЕН ӨТКІЗІП, 2:0 ЕСЕБІМЕН ЖЕҢІСКЕ ЖЕТТІ.**

Өткен турда Омбының «Авангард» ірі есеппен жеңіліп қалған елордалық команда сол ойыннан кейін негізгі құрамына аздаған өзгеріс енгізіп, нәтижесінде кезекті жеңісіне қол жеткізді. «Барыс» ойыншылары бұл матчтың тағдырын бірінші кезеңнің өзінде-ақ шешіп тастады. Төртінші минутта Джереми Бракко өзінің ҚХЛ-дағы алғашқы голын соғып, есепті ашса, бірінші кезең аяқталар тұста шабуылшы Егор Петухов шайбаны қақпаға дәл бағыттады – 2:0. Қалған екі кезеңде



хоккейшілер бір-бірінің қақпасынан саңылау таба алмады.

Жерлестеріміз бұл жеңісінен кейін «Шығыс» конференциясында сегізінші турдан кейін жеті ұпаймен

алтыншы орынға көтеріліп алды. «Барыс» келесі тур ойынын бүгін «Барыс Аренада» Екатеринбургтің «Автомобилист» командасымен өткізеді.

## АЛТЫНШЫ ФИНАЛЫНДА СҮРІНДІ

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ БІРІНШІ, ӘЛЕМНІҢ 25-РАКЕТКАСЫ ЕЛЕНА РЫБАКИНА СЛОВЕНИЯ-НЫҢ ПОРТОГОР ҚАЛАСЫНДА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН WTA 250 ТУРНИРИНІҢ ФИНАЛЫНДА ЖЕҢІЛІП ҚАЛДЫ.**

Жарыстың үшінші ракеткасы болып тіркелген қазақстандық теннисші финалда дүниежүзілік рейтингте 82-орында тұрған чехиялық Катерина Синяковамен бас жүлде үшін таласты. Бірінші партияда Рыбакина қос брейк жасап, 5:0 есебімен алға кеткенімен, Синякованың таразы басын теңестіруіне

мүмкіндік беріп қойды – 5:5. Дегенмен жерлесіміз бәрібір тай-брейкте 7:6 (7:4) есебімен басым түсті.

Екінші сетте есеп 3:3 болған мезетте қазақстандық спортшы брейк жасағанмен, чехиялық теннисші сол бойда есе қайтарып үлгерді – 4:4. Бұл жолы тай-брейкте Синякова сәтті

ойнады – 7:6 (7:5). Үшінші, шешуші сетте Синякова брейкпен алға кетті – 4:2. Содан соң Е.Рыбакина есепті теңестіргенімен, чехиялық ойыншы қайта брейк жасады. Ақыры ол матчқа доп бергенде өз мүмкіндігін мүлт жіберген жоқ – 6:4.

Жерлесіміз финалға шыққаны үшін 180 рейтингтік ұпайға қол жеткізіп, жаңарған WTA рейтингінде 22-орынға көтерілді.

## АБУ-ДАБИДЕ КЕЗДЕСЕДІ

**ФУТБОЛДАН ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМАСЫ 19 ҚАРАШАДА АБУ-ДАБИ ҚАЛАСЫНДА БІРІККЕН АРАБ ӘМІРЛІКТЕРІМЕН (БАӘ) ЖОЛДАСТЫҚ КЕЗДЕСУ ӨТКІЗЕДІ.**

БАӘ футболшылары да осал қарсылас емес. Қазіргі кезде олар ФИФА рейтингінде 69-орынды иеленуде. Салыстырмалы түрде алсақ, бұл тізімде жерлестеріміз 114-сағыға жайғасты. Аталған мемлекеттің өкілдерімен біздің елдің аяқдоп шеберлері үш мәрте кездесті. 1997 жылы әлем чемпионатының іріктеу турнирінде сырт алаңда 0:4 есебімен ұтылсақ, Алматыда кеткен есені қайтардық – 3:0. 2000 жылы екі команда жолдастық кездесу өткізіп, онда қарсыластарымыздың мерейі үстем болған еді – 5:2.



Аталған команданың ең зор нәтижесі – Азия кубогында екі рет жүлдегерлер қатарынан көрінуі. 1996 жылы БАӘ күміс медальды

иеленсе, 2015 жылы қолаға қол созды. 1990 жылы олар Италияда өткен әлем чемпионатында бақ сынады.

# КІМ ҰТТЫ, КІМ ҰТЫЛДЫ?!

**САУЛЬ АЛЬВАРЕСКЕ ЖЕҢІЛГЕН ГЕННАДИЙ ГОЛОВКИН 20 МЛН ДОЛЛАРДЫ ЖАМБАСҚА БАСТЫ**



← 1

Жекпе-жек алдында көпшілік бокс маманы Головкин бұл кездесуде нокаутпен жеңіледі деп болжам жасаған еді. Өйткені отандасымыз өзіне үйреншікті орта салмақта емес, бақандай тәрт келі жоғары салмақта жұдырықтасты. Бокста бір келі салмақтың өзі үлкен маңызға ие екенін ескерсек, отандасымыз өзінен бір емес төрт келі салмақ жоғары боксшының жағдайына түсіп, онымен тең дәрежеде жұдырықтасқанының өзін жеңіс деп есептеуге болатын шығар.

CompuBox жүйесінің дерегіне сүйенер болсақ, Головкин бұл жолы да (ол алғашқы екі кездесуде де көп соққы жасаған) соққы жасау жағынан белсенді болды – 521. Өкінішке қарай, оның тек 120-сы ғана дәл тиген екен. Ал «Канелонь» соққысы кем шыққан – 487. Бірақ саны аз

болғанымен, сапасы көп, яғни дәл тиеген соққыларының саны – 130.

Джеб соққылар саны бойынша да Геннадий Головкин алда болды – 74-45. Ал күш салып жасаған соққылар статистикасында «Канело» айқын басымдыққа ие болған екен. Мәселен, Головкин 171 күшті соққы жасап, оның 46-сын ғана қарсыласына дарыта алған. Альварестің 217 жойқын соққысының 86-сы дәп тиген.

Жалпы, Геннадий үш жекпе-жекте де жанкүйерлер есінде көп соққы жұмсаған боксшы ретінде қалады. Мәселен, отандасымыз 2017 жылғы бірінші айқаста 703 соққы жасаған болса, 2018 жылғы екінші жекпе-жекте 879 мәрте соққы бағыттаған. Джеб бойынша да дәлдік танытқан болса, күштік соққыда бәрібір қарсыласынан кемшіл түсіп отырған.


Жекпе-жектің қорытындысы Головкин үшін сәтті бола

қоймаса да, ол рингтен өзіне тиесілі олжамен кетті.

Отандасымыз 20 млн долларды жамбасқа басса, Альвареске 45 млн доллар бұйырды. Сондай-ақ екі боксшы жарнамадан, билет сатылымынан және ақылы трансляциядан түскен табысты да өзара бөліседі, деп жазды Sportskeeda сайты Boxing Scene-ге сілтеме жасап.

Айтпақшы, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жекпе-жектен кейін Геннадий Головкинге телефон шалып, оған қолдау көрсетті.

Президент Геннадий Головкин Қазақстанды әлемдік аренада таныған ету үшін зор үлес қосқанын атап өтті. «Сен жанкүйерлер үшін әлемдегі және еліміздегі ең үздік ұлттық чемпион болдың және чемпион болып қала бересің. Біз сені мақтан тұтамыз!» деді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев.



# БЕЛГРАДТА ҚАЗАҚ ӘНҰРАНЫ ШЫРҚАЛМАДЫ

← 1

Сөз орайы келгенде, осы жарыста Қазақстанның балуандары Өзбекстан құрама командасының мүшелерімен үш рет кездесіп, барлығында жеңіліс тапқанына қатты қынжылдық. Атап айтсақ, Аманғали Бекболатов (5:9) Жасурбек Ортикбоевтан, Диас Қален (5:6) Жалғасбай Бердімұратовтан және Ислам Умаев (0:6) Рустам Ассакаловтан жеңілді.

Негізі біз өз балуандарымыздан сапалы күрес және бұдан әлдеқайда жақсы нәтиже күткен едік. 23 жыл бойы аңсаған алтын медальдың сынғырын Дунайдың жағалауында еститін шығармыз деп үміттендік. Бірақ Белградта ондай бақ бізге бұйырмады. Сол себепті де «отандық грек-рим күресі шеберлерінің осы әлем чемпионатындағы жалғыз қоласына көңіліміз толмады, артылған сенім ақталмады» деп айтуға барлық негіз бар.

## ЖАПОНДАРДЫҢ БАРЛЫҒЫ ЖҮЛДЕЛІ БОЛДЫ

Әйелдер күресінде әлем чемпионатының алтын медалі тек төрт мемлекеттің өкілдеріне ғана бұйырды. Осы орайда Жапония құрамасының қарқыны өте күшті болғанын айта кетейік. Күншығыс елінің өкілдері 5 алтын, 1 күміс және 3 қола медаль олжалады. Жалпы, олардың осы жарысқа келген тоғыз спортшысының барлығы да жеңіс тұғырына көтерілді. Яғни жапондар 100 пайыздық көрсеткішке қол жеткізді.

Жапон қыздарының асқан шеберлігі мен жанкештілігіне сүйсінеу мүмкін емес. Бір кереметі, алтыннан алқа таққан қыздардың барлығы да жастар буының өкілдері. Мәселен, Нонака Озаки (62 келі) небәрі 19 жаста. Ал ол кімдерді ұтты дейсіздер ғой? Тұсаукесер кездесуінде Озаки мажарстандық Анна Шелді қос жауырынымен жерге қадады. Екінші кезеңде Еуропа чемпионатының екі дүркін қола жүлдегері, украиналық Илона Прокопьевна 10:0 есебімен таза жеңді. Жартылай финалда Токио Олимпиадасының күміс жүлдегері, әлемнің екі және Азияның төрт дүркін чемпионы, Азия ойындарының жеңімпазы, қырғызстандық Айсұлу Тыныбековадан алты ұпай артық жинады. Финалда былтырғы дүниежүзілік долада күміс алып, Панамерика ойындары мен біріншілікте алдына жан салмаған Кайла Мираклге соқыр ұпай да ұстатпады.

Цугуми Сакураи (57 келі) 21 жаста. Юи Сузак (50 келі) мен Мива Моригава (65 келі) 23-те. Жапония құрама командасы сапындағы ең тәжірибелісі – Маю Мукайда (55 келі). Биыл жазда ол 25 жасқа толды. Бұл спортшылардың барлығының да мықтылығы еш күмән туғызған жоқ. Тіпті финалдық сайыстарда жапондықтар өз қарсыластарына бірде-бір ұпай бермеді.



Қоржынында 3 алтын, 2 күміс және 2 қоласы бар АҚШ құрамасы жалпы есепте екінші орынды иеленді. Әрине, балуандық өнерде бай дәстүрі бар алпауыттың бұл табысына ешкім тандана қоймады. Үшінші сағыға Молдова жайғасты. Алақандай жері және 2,6 миллиондай ғана халқы бар шағын елдің бұрымдылары бір алтын мен бір қоланы еншіледі. Төртінші орындағы Түркияның әнұраны «Штарк Аренада» бір мәрте шырқалды. Сондай-ақ биылғы әлемдік доданың жүлделері Моңғолия (2 күміс), Украина мен Қытай (1 күміс, 2 қола), Қазақстан, Мысыр, Норвегия (1 күміс), Польша (3 қола), Канада (2 қола), Үндістан, Грекия, Франция, Румыния және Эстония құрамаларына (1 қола) бұйырды. Сербияның астанасында барлығы 17 мемлекеттің өрендері жеңіс тұғырына көтерілді.

## ЖӘМИЛА ЖЕТИСТІГІН ТАҒЫ БІР ҚАЙТАЛАДЫ

Қазақстан ұлттық құрамасының бас бапкері Белградтағы белдесулерге ең үздік 10 шәкіртін үкілеп қосты. Бірақ қарт құрлыққа толық құрамда барғанымызды қайттейік, солардың арасынан жалғыз спортшымыздың ғана жүлде алуға қарым-қабілеті жетті. Бұл жолы да Жәмила Бакбергенова өз жанкүйерлерін қуантты. Алматы облысы, Жамбыл ауданының тумасы былтыр Ослода өткен әлем чемпионатында жалғыз өзі жеңіс тұғырына көтерілген еді. Биыл сол күмісті алтына алмастыруды көздеген Бакбергенова жарысты өте жақсы бастады. 72 келі салмақта әлемдік рейтингте көш бастап тұрғандықтан ақтық сайысқа жолдама алу үшін оған екі кездесу

өткізу жеткілікті болды. Алғашында өзбекстандық Светлана Окназарованы, іле-шала румыниялық Александра Ангелді айқын басымдықпен ұтқан Жәмиланың жолы финалда Амит Эломен қиысты. 19 жастағы америкалықтың пәлендей атағы жоқ болса да, аталған жарысқа оның керемет даярлықпен келгені бірден байқалды. Бастапқыда Амит украиндық Анастасия Альпеева мен түркиялық Бусе Тосунды қарсылас құрлы көрмеді. Жартылай финалда былтырғы әлем чемпионы, жапониялық Масако Фуруитидің уысынан жеңісті жұлып әкетті.

Ақтық бәсеке басталған бетте Бакбергенова өрескел қателікке бой алдырды. Ол еш дайындықсыз аяққа ұмтылған еді, қарсыласы үстінен басып қалды. Ебін тауып артына шыққан Амит Жәмиланың екі аяғынан мықтап «байлады» да, боз кілемнің үстінде шыр айналдырды. Қазақ қызы бұл құрсаудан шыға алмады. Дәл сол әдісті төрт мәрте дамылсыз қайталаған Эло 1 минут 13 секунд аралығында айқын жеңіске қол жеткізді. Міне, осы бір ғана қателік Бакбергенованы бас жүлдеден айырды.

Жалпы, Жәмилаға еш өкпе айта алмаймыз. 26 жастағы спортшы бірер жылдан бері халықаралық аренада ел намысын абыроймен қорғап жүр. Бұған дейін ол екі дүркін Азия чемпионы атанып, сол жарыста бір күміс пен бір қола медальді қоржынға салды. Биыл Түркияның Конья қаласында ұйымдастырылған Ислам ынтымақтастығы

ойындарында екінші орынды иеленді. Міне, енді қатарынан екінші мәрте әлем чемпионатының күміс жүлдегері атанып отыр. Жарайсың, Жәмила! Екіншіке қарай, өзге бұрымдыларымыздың бойынан жеңіс тұғырына көтеріле алатындай қарым-қабілетті байқай алмадық.

Сөйтіп, әйелдер күресінен Қазақстан құрамасының әлем чемпионаттарында жеңіп алған медальдар саны 13-ке жетті. Ол жүлделердің иелері мыналар: Елена Шалыгина (2007, 2010 жылдары), Жұлдыз Ешімова (2008), Гюзель Манжорова (2012), Жәмила Бакбергенова (2021, 2022) – күміс және Ольга Смирнова, Ольга Жәнібекова (2007), Елена Шалыгина (2009), Жұлдыз Ешімова (2011 жыл), Екатерина Ларионова (2013), Айым Әбділдина (2016), Валентина Исламова (2019) – қола.


## АЗАМАТ СЕНІМДІ АҚТАДЫ

Әйелдер бәсекесі аяқталған соң еркін күрес шеберлері түрлі-түсті медальдарды сарапқа салды. Сербияға сапар шеккен Қазақстан құрамасы сапында талай дүрмекті көрген сақа спортшылар аз болған жоқ. Солардың арасынан бұған дейінгі әлем чемпионаттарында жүлде алған жалғыз ғана балуан бар еді. Ол – Нұрқожа Қайпанов. Осыдан үш жыл бұрын қандасымыз Астанадағы долада қола медаль иеленді. Бірақ бұл жолы Қайпанов өз деңгейінде күресе алмады. Тұсаукесер кездесуінде ол Әлем кубогі, Азия ойындары мен құрлық чемпионатының жүлдегері, жапониялық Данчи Такатаниді 6:0 есебімен ұтып жатқан еді. Бірақ шешуші сәтте босаңсыды. Бұл жайғайды ұтымды пайдаланған қарсыласы таразы басын теңестірді. Нәтижесінде, бұл тартыс 6:6 есебімен аяқталды. Қосымша компоненттер бойынша жеңіс жапонның уысында кетті. Ал Қайпанов көрермендердің қатарына қосылды. Сол секілді Рахат Қалжан (57 келі), Болат Сақаев (79 келі) және Әділет Даулыбаев (92 келі) бастапқы кезеңдерде сүрінсе, Талғат Сырбаз (70 келі) жұбаныш белдесуінде жеңіліс тапты.

Белградтың боз кілемінде тек Азамат Дәулетбеков табысты өнер көрсетті. 78 келі салмақ дәрежесінде күш ынсақсан Семей өңірінің тумасы алғашқы айналымдарда Панамерика ойындарының жеңімпазы, үш дүркін құрлық чемпионы, кубалық Юриски Торребланка Керальта мен Испания намысын қорғаған осетин спортшысы, әлем чемпионатының қола жүлдегері Таймураз Фриевті жолынан ығыстырды. Ширек финалда Азамат Майлз Назем Аминмен айқасты. 25 жастағы АҚШ-тың атакты балуаны бұл күндері Сан-Мариноның атынан сынға түсіп жүр. Ол – Токио Олимпиадасы мен Еуропа ойындарының қола жүлдегері, Еуропа чемпионы және сол жарыстың екі дүркін жүлдегері. Міне, осы азулы балуанды қазақтың қайсар ұлы 9:1 есебімен ойсырата ұтты.

Жартылай финалда Азаматтың жолы Американың тағы бір апайтесі, Олимпиада және әлем чемпионы, Панамерика біріншілігінің екі дүркін жеңімпазы Дэвид Тэйлормен қиысты. Бұл белдесуде АҚШ балуаны айқын жеңіске қол жеткізді. Есесіне үшінші орын үшін тартыста қандасымыз Пуэрто-Рико өкілі Итан Гармоста әрі де, бері де лақтырып, тас-талқанын шығарды. Есеп – 10:0. Азамат Дәулетбеков – әлем чемпионатының қола жүлдегері!

Сөйтіп, Қазақстанның еркін күрес шеберлері әлем чемпионатындағы 16-жұлдесіне қол жеткізді. Бұған дейін біздің жігіттер 5 күміс пен 10 қола медаль олжалаған еді. Бұл жүлделер мына балуандарға бұйырған-тын: Күміс – Елмәди Жабырайылов (1995), Нұрлан Бекжанов (2016), Нұрислам Санаев (2018), Дәулет Ниязбеков пен Нұрқожа Қайпанов (2019), Қола – Мәулен Мамыр (1997), Геннадий Лалиев (2003), Магомед Круглиев (2005), Леонид Спиридонов (2009), Әбілхәкім Шәпиев (2010), Дәулет Ниязбеков пен Дәурен Жұмағазиев (2011), Ақжүрек Танатаров (2017) және Нұрислам Санаев пен Данияр Қайсанов (2019). Міне, енді сол саңлақтардың санатына Азамат Дәулетбеков қосылды. Дәл сондай мүмкіндік Олег Болтинде де болған еді. Бірақ үшінші орын үшін тартыста ол Грузияның алыбы Гено Петриашвилиге есе жіберді.



# «ҰЛЫ ДАЛА ЖОРЫҒЫНА» ҚАТЫСУШЫЛАР ТҮРКІСТАНҒА БЕТ АЛДЫ



**17 ҚЫРКҮЙЕКТЕ ЕЛОРДАДАҒЫ «ҚАЗАНАТ» ИППОДРОМЫНДА БӘЙГЕ-МАРАФОНҒА ҚАТЫСУШЫ КОМАНДАЛАР ТАНЫСТЫРЫЛДЫ. ІС-ШАРАҒА ПАРЛАМЕНТ МӘЖІЛІСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ ЕРЛАН ҚОШАНОВ, МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРІ ДӘУРЕН АБАЕВ, ЕЛОРДА ӘКІМІ АЛТАЙ КӨЛГІНОВ, СОНДАЙ-АҚ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ ҚАТЫСТЫ.**

Марафонның ашылу салтанатында Мәжіліс спикері Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың марафон-бәйге қатысушыларына жіберген құттықтау хатын оқып берді. Президент доданың елімізге рухани серпіліс беріп, жастарды отаншылдыққа баулитын бірегей жоба екенін атап өтті.

«Сіздерді «Ұлы дала жорығы» марафон-бәйгесінің басталуымен құттықтаймын! Ұлттық спортты дамытуға және дәстүрімізді дәріптеуге арналған аламан жарыс елімізде тұңғыш рет өткізіліп отыр. Біз қазіргі заманның жақсы қасиеттерін бойға сіңіре отырып, ұлттық болмысымызды жаңғыртуға тиіспіз. Бәйгенің басты мақсаты – осы», деп көрсеткен Мемлекет басшысы.

Сондай-ақ Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев «Ұлы дала жорығы» жай ғана марафон емес, бұл намыстың додасы, төзім мен жігер, қайрат пен мінез сынға түсетін аламан екенін айтты.

«Баршамыз Ұлы даламызды дүбірге бөлейтін айтулы аламанның куәсі болайын деп тұрмыз. 1200 шақырымға төзіп беретін тақым, төтеп беретін тұлпар жоқ деген пікірлер де айтылды. Бірақ, батыр бабаларымыз Алтайдан Анадолаға дейінгі аралықты ат үстінде жүріп жаулады. Осынау ауқымды іс-шараны ұйымдастырушыларға алғыс айтамын, ал қатысушыларға мықты денсаулық тілейміз! Азаматтардың айбары, қазанаттардың қайраты қайтпасын. Арғымақтар алқынбай, шын мықтылар жеңіс тұғырынан көрінсін», деді министр.

18 қыркүйекте шабандоздар алғашқы 100 шақырым межені Қорғалжын ауылында аяқтап, марафонның бірінші күнін қортындылады.

Аумақтағы ауа температурасы түнде +5 °C шкаласына дейін төмендеп, күндіз +21 °C-қа дейін жылыды.

Алғашқы үздік үштіктің қатарында топ жарған Маңғыстау облысының шабандоздары мәреге 7 сағат 31 минутта жетсе, бір минут айырмашылықпен Батыс Қазақстан облысының шабандоздары 7 сағат 32 минутта мәре сызығын кесіп өтті. Ал

Шымкент қаласының шабандоздары белгіленген межені 7 сағат 59 минут жүріп өтіп, үшінші орыннан көрінді.

100 шақырымдық қашықтықта Астана қаласының шабандоздары мен Алматы облысының аттары жарамағандықтан жарыс жолынан шығып қалды. Одан бөлек, Ақмола облысы командасынан екі ат, Павлодар облысы жүйріктерінен бір ат межеге жете алмады.

Алғашқы күні шабандоздар шатырын тіккен маңай Ақмола облысы Қорғалжын ауданының Бытығай қалашығы аталады. Ескіден жеткен аңыздарда Бытығай кесенесі тұрған орында хандар аялдайтын керуен сарай болған деседі. Аламан бәйгеге шыққан тұлпарлардың дүбірлі жарысы көзін көрген ескі жұрттың сәл-салтанатын асырды.

Төреші Жанбатыр Бекмұсаев алғашқы күн қорытындысы бойынша, мәреге 17 команда келіп жеткенін атап өтті.

«Уақытты ұтымды пайдаланған Маңғыстау облысы танертең бірінші боп аттанды. БҚО командасы бір минут айырмашылықпен келе жатыр. Шабандоздар 50 шақырымды байыппен бастап жатыр. Бір күндік меже 12 сағат деп белгіленген, 100 шақырымды командалардың алды 7 сағатта, ең



соңы 9 сағат 41 минутта өтті. Өйткені аттарды сақтау керек, Жезқазғанға дейін 400 шақырым бар», деді төреші Жанбатыр Бекмұсаев.

Төрешінің айтуынша шабандоздар Ұлытауға жеткен соң екінші ат ауысып мінуі тиіс. Ветеринарлық бақылаудан өтіп, ат ауыспас үшін арнайы чип орнатылады.

«Бұл атты ауыстырмас үшін керек. Шабандоздардың артынан ілесіп төрешілер бақылап келеді. Ветеринар бақылауы әр 50 шақырым сайын қатаң тексеріледі», деп түсіндірді ол.

Маңғыстау облысынан келген

команда мүшесі Батырбек Қамысбаев адай жылқысын ерекше мақтап, мініске шыдамды деп отыр.

«1200 шақырымды еңсеруге тек адай жылқысы төтеп бере алады. Аламан бәйге жоғары деңгейде өтіп жатыр. Біздің анау айтқандай айла-тәсіліміз жоқ, жылқының мықтылығына байланысты 1-кезеңде алға шықтық. Адай тұқымдас жылқылардың бойы аласа, сүйегі жеңіл болады. Ұзақ жерге жарамдысы осы. Жезқазғанға да осы адай жылқысын жөнелткенбіз. Айтпақшы, мәреге жеткен соң аттарды бірден суаруға

болмайды. Жем-шөбіне ерекше мән береміз. Маңғыстаудан жоңышқа алдырттық. Тек соны жейді. Әрине, даланың шөбін де жей береді ғой, бірақ жоңышқа сінімді болады», дейді Маңғыстау облысының шабандозы Батырбек Қамысбаев.

Тарихшы Амангелді Аужанов марафонғылар орналасқан бивакқа арнайы сәлем бере келіп, Нұра өзенінің жағасында орналасқан Бытығай кесенесімен таныстырып, тарихынан сыр шертті.

«Бытығай кесенесі – Қорғалжын ауылынан 2 шақырым қашықта орналасқан Алтын Орда дәуірінің сәулет ескерткіші. Бұл жерде жалпы орта ғасырларда тек кесене емес, қала болған деп те айтады. Бұл кесененің

тарихи аспектілеріне қатысты талас көп. Жалпы қазір кесене дейді. Бірақ оған негіз жоқ. Археологиялық жұмыстар жүргізілген кезде сүйек табылмаған. Жергілікті тұрғындар кесене деп атамайды. Ғимарат кірпіштері тоғызыншы ғасырға тән. Менің ойымша, Қорғалжынды Түркістан сияқты тарихи қалаға айналдыру керек. Әлі де зерттеуді қажет ететін нысандар жетерлік», дейді тарихшы.

Сонымен, 19 қыркүйекте таңертең шабандоздар Ақмола облысы Қорғалжын ауылынан аттанып, келесі 50 шақырымдық бақылау бекеті – Қарағанды облысы аумағындағы Құланөтпес жазығына жетті.

Айта кетерлігі, «Ұлы дала жорығы» қатысушылары ұйымдастырушылар тарапынан «бивак» деп аталатын шатырлы қалашықта түнеп, күніне үш мезгіл ыстық тамақпен қамтамасыз етілген.

Марафон-бәйгені ұйымдастырушылар – The Great Steppe Tour қоғамдық қоры мен Ұлттық спорт қауымдастығы; Үйлестіру жұмысы – ҚР Мәдениет және спорт министрлігі; Бас серіктес – «Самұқ-Қазына» АҚ; Серіктес – Sportqory спортты қолдау қоры.

Марафонға қатысушылар күн сайын 100 шақырымнан асып, 12 күнде 1200 шақырым жол жүреді.

Марафонға еліміздің әр өңірінен бір команда қатысады. Жеңімпаз 30 млн теңге, 2 орын – 20 млн теңге, 3 орын – 15 млн теңге алады.



## ЫСТЫҚКӨЛДЕ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ АТАНДЫ

**ЖАҚЫНДА ҚЫРҒЫЗ ЕЛІНІҢ ЫСТЫҚКӨЛІНДЕ СТЕНДЛИФТИНГ СПОРТЫНАН ІХ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ ӨТТІ. АУЫР АТЛЕТИКАҒА ҰҚСАС, ОСЫ СПОРТ ТҮРІНІҢ ЭЛЕМЕНТТЕРІ БАР ҮШ ТҮРІНЕН ӨНЕР КӨРСЕТЕТІН СТЕНДЛИФТИНГ ҚАЗАҚСТАНДА ДА ДАМИ БАСТАДЫ.**

Елімізде қол күресі мен гир спортының негізін қалаушы, 1992-2004 жылдары Халықаралық гир спорты федерациясының вице-президенті, 2004-2012 жылдары Бүкіләлемдік армрестлинг федерациясының вице-президенті қызметін атқарып, қол күресінен дүниежүзінің үш дүркін чемпионы атанған. Алматыда, Өскеменде қол күресі мен гир спортынан әлем, Азия біріншіліктерінен абыроймен өткізіп, осы спорт түрлерінің Қазақстанда, Азияда, әлемде өркендеуіне ерекше үлес қосқан Мұхамедолла Сағидоллаұлы Ағзамов 60 жастағы ардагерлер арасында стрендлифтингтен әлем чемпионы атанды. Жасы 70-тен асқан ағамыз 95 келі салмақта өнер көрсетті.

Айта кету керек, М.Ағзамов – спорттың өзара ұқсас емес екі түрінен әлем чемпионы атанған Қазақстандағы жалғыз атлет.

Қыркүйектің 5-10-ы аралығында Ыстықкөлде жалауы желбіреген әлем чемпионатында қазақ елінен барған үш спортшы да намысты қолдан бермей, алтыннан алқа тақты. Атап айтқанда, Мұхамедолланың жеңісті жолын Марат Марденов пен Иван Мальков 68 және 76 келі салмақтарда жалғастырды. Мұхамедолланың ұлы Жүрсін Ағзамов ересектер арасында 115 келі салмақта қола медальді иеленді. Талантты ұстаздың ұлы осы жолы тағы бір құрметке ие болды. Стрендлифтингтен әлемдік

федерацияның президенті Бабул Бикас Патрабанистың ұсынысымен талантты жас Жүрсін Ағзамов әлемдік федерацияның вице-президенті болып сайланды. Демек болашағы зор спорт түрі Қазақстанда дами түспек.

– Стрендлифтингтің келешегі кемел. Бұл спорт түрі үнді елінде дүниеге келді. Қазірдің өзінде әлемнің елуден астам мемлекетінің адамдары стрендлифтингпен шұғылданады. Ауыр атлетикамен ағайындас, бірақ одан да күрделі спорт түрі болашақта Олимпиада бағдарламасына еніп жатса, таңғалмауымыз керек. Яғни спорттың осы түрін қазақ елі де жатсынбауы керек, – дейді М.Ағзамов.

Бетті дайындаған – **Оңдасын ЕЛУБАЙ**, «Қазақ спорты» газетінің Шығыс Қазақстан облысындағы меншікті тілшісі



Суретте: М.Ағзамов, (сол жақта), Жүрсін Ағзамов, Иван Мальков.

# «БАВАРИЯ» – «БАРСЕЛОНА» – 16:2

## ФУТБОЛДАН ЧЕМПИОНДАР ЛИГАСЫНЫҢ 2-ТУР ОЙЫНДАРЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

ФУТБОЛДАН ЧЕМПИОНДАР ЛИГАСЫНЫҢ 2-ТУР ОЙЫНДАРЫ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ. ТОПТЫҚ САЙЫСТА КҮШ СЫНАСЫП ЖАТҚАН КОМАНДАЛАРДЫҢ АРАСЫНДА ӘЗІРГЕ 8 КОМАНДА ҰПАЙ ЖОҒАЛТПАДЫ. ОЛАРДЫҢ АРАСЫНДА «БАВАРИЯ», «МАНЧЕСТЕР СИТИ», «РЕАЛ» КЛУБТАРЫ БАР. СОНДАЙ-АҚ, ТОПТЫҚ БӘСЕКЕДЕ ЕКІ ОЙЫН ҚАТАР ЖЕҢГЕН «БРЮГГЕ», «СПОРТИНГ», «БЕНФИКА» СЫНДЫ ОРТАҢҚОЛ ҰЖЫМДАР ДА БІРАЗ СЕНСАЦИЯНЫҢ ШЕТІН ШЫҒАРЫП, ӨЗ ТОПТАРЫНДА КӨШ БАСТАП КЕЛЕДІ.

### А ТОБЫ

«Рейнджерс» (Шотландия) – «Наполи» (Италия) – 0:3 (Палитано, 68, Распадори, 85, Н'Домбеле, 90+1);

«Ливерпуль» (Англия) – «Аякс» (Нидерланд) – 2:1 (Салах, 17, Матип, 89 – Кудус, 27);

№	Команда	Ойын	Жеңіс	Тең	Жеңіліс	Д-А	Ұпай
1	Наполи	2	2	0	0	7-1	6
2	Ливерпуль	2	1	0	1	3-5	3
3	Аякс	2	1	0	1	5-2	3
4	Рейнджерс	2	0	0	2	0-7	0

А тобында «Наполи» көш бастап тұр. Италия клубы 1-турда «Ливерпульдің» астан-кестенін шығарып еді. Бұл жолы Шотландияда «Рейнджерсті» де аямады. Ойынның 67-минутында пенальтиден есеп ашқан қонақтар матчтың соңына дейін Аллан Макгрегор қорғаған қақпаға тағы да екі доп соғып, 3:0 есебімен жеңіске жетті.

1-турда «Наполиден» оңбай ұтылған «Ливерпуль» 2-турда «Аяксы» әуірімдеп жүріп әзер алды. Мохаммед Салах есеп ашқан ойында қонақтар 1-таймның соңына таразы басын теңестірген еді. Алайда, «Аякс» аяқдопшылары алаң иелерінің қарқынына төтеп бере алмады. 89-минутта Жоэль Матип алаң иелеріне маңызды үш ұпай әкелді.

### В ТОБЫ

«Порту» (Португалия) – «Брюгге» (Бельгия) – 0:4 (Жутгла, 15-пен, Сова, 47, Ольсен, 52, Нуса, 89);

«Байер» (Германия) – «Атлетико» (Испания) – 2:0 (Андрих, 84, Диави, 87);

№	Команда	Ойын	Жеңіс	Тең	Жеңіліс	Д-А	Ұпай
1	Брюгге	2	2	0	0	5-0	6
2	Байер	2	1	0	1	2-1	3
3	Атлетико	2	1	0	1	2-3	3
4	Порту	2	0	0	2	1-6	0

Топтық бәсекенің жеребе тарту рәсімінен кейін көптеген мамандар Бельгияның «Брюгге» командасын «ұпай таратушы» команда ретінде атаған еді. Алайда, екі турдан кейін «Брюгге» бұл пікірді жоққа шығарды. Ұпай тарату былай тұрсын, әзірге бельгиялық командалық қорғанысын бұзатын команда табылмай тұр. 1-турда «Байерді» 1:0 есебімен ұтқанда «Брюггенің» жеңісін «кішігірім сенсация» балағандар болды. Бірақ, «Портумен» өткен ойыннан кейін «Брюгге» футболшылары алғашқы турдағы жеңістің кездейсоқ келмегенін дәлелдегендей болды. Португалияға қонаққа барған олар алаң иелерін 4:0 есебімен жусатып, қоржындарына үш ұпайды салып қайтты. «Брюгге» - Чемпиондар лигасының топтық бәсекесінде алғашқы екі ойында жеңіске жеткен Бельгияның тұңғыш клубы.

Германияның «Байер» клубы өз алаңында Испания клубтарынан жеңілмейтінін тағы бір дәлелдеді. Олар испаниялық клубтармен болған соңғы бес ойынның төртеуінде жеңіске жетіп, біреуінде тең ойнаған-ды. Бұл жолы «Атлетикодан» айласын асырып, жеңіліссіз сериясын соза түсті.

### С ТОБЫ

«Виктория» (Чехия) – «Ингер» (Италия) – 0:2 (Джеко, 20, Думфрис, 70);

«Бавария» (Германия) – «Барселона» (Испания) – 2:0 (Эрнандес, 50, Сане, 54);

№	Команда	Ойын	Жеңіс	Тең	Жеңіліс	Д-А	Ұпай
1	Бавария	2	2	0	0	4-0	6
2	Барселона	2	1	0	1	5-3	3
3	Ингер	2	1	0	1	2-2	3
4	Виктория	2	0	0	2	1-7	0

«Барселона» «Баварияға» бұл жолы да төтеп бере алмады. Соңғы рет каталониялықтар «неміс машинесін» 2015 жылдың



мамыр айында жеңген еді. Содан бері қос команда төрт рет жасыл алаңға шығып, төртеуінде де «Бавария» жеңіс тойын тойлады. Доп айырмасы – 16:2!

Италияның «Интері» де келесі айналымға шығудан үмітті. Олар осы топтың «аутсайдері» «Викторияның» ұтты – 2:0.

### Д ТОБЫ

«Спортинг» (Португалия) – «Тоттенхэм» (Англия) – 2:0 (Паулиньо, 90, Гомес, 90+3);

«Марсель» (Франция) – «Айнтрахт» (Германия) – 0:1 (Линдстрём, 43);

№	Команда	Ойын	Жеңіс	Тең	Жеңіліс	Д-А	Ұпай
1	Спортинг	2	2	0	0	5-0	6
2	Тоттенхэм	2	1	0	1	2-2	3
3	Айнтрахт	2	1	0	1	1-3	3
4	Марсель	2	0	0	2	0-3	0

Д тобының тізгінін «Спортинг» ұстады. 2-турда Англияның «Тоттенхэм» командасын 2:0 есебімен тізе бүктірген португалиялық клубтың қорғанысы әзірге сыр берер емес. Екі ойында бес гол соғып, бірде-бір гол жіберген жоқ.

Антонио Конте баптайтын лондондық клуб сырт алаңда өтетін еурокубоктық матчта осымен алтыншы рет жеңіске жете алмай келеді.

Германияның «Айнтрахт» командасы керісінше, сырт алаңдағы еурокубоктық матчтарды сәтті өткізетін команда. Немістер 2-турда Францияның «Марсель» клубына қонаққа барып, 1:0 есебімен жеңіске жетіп, сырт алаңдағы жеңіліссіз серияны жеті ойынға жеткізді.

### Е ТОБЫ

«Милан» (Италия) – «Динамо Загреб» (Хорватия) – 3:1 (Жиру, 45, Салемакерс, 47, Побега, 77 – Оришич, 56);

«Челси» (Англия) – «Ред Булл Зальцбург» (Аустрия) – 1:1 (Стерлинг, 48 – Окафор, 75);

№	Команда	Ойын	Жеңіс	Тең	Жеңіліс	Д-А	Ұпай
1	Милан	2	1	1	0	4-2	4
2	Динамо З	2	1	0	1	2-3	3
3	Зальцбург	2	0	2	0	2-2	2
4	Челси	2	0	1	1	1-2	1

«Челси» бас бапкер ауыстырса да мәселе шешілген жоқ. Неміс маманы Томас Тухельді отставкаға жіберіп, оның орнына

ағылшын бапкері Грэм Поттерді тағайындаған лондондықтар өз алаңында Аустрияның «Зальцбург» командасын жеңе алмады. Әзірге «Челсиде» екі ойыннан бір ұпай бар. Жағдайын түзеуге әлі де уақыт жеткілікті.

Аустрия клубымен болған ойында «Челси» сапынан бір голды Рахим Стерлинг соқты. Бұл оның лигадағы 25-ші голы. Ағылшын футболшыларының арасында ең көп голды Уэйн Руни соққан – 30 гол. Рунидің карьерасы аяқталғанын ескерсек, Стерлингтің ағылшын футболшылары арасында сұрмерген атануға мүмкіндігі мол.

### Ғ ТОБЫ

«Шахтёр» (Украина) – «Селтик» (Шотландия) – 1:1 (Мудрик, 29 – Бондаренко, 10-өз қақпасына);

«Реал» (Испания) – «РБ Лейпциг» (Германия) – 2:0 (Вальверде, 80, Асенсио, 90+1);

№	Команда	Ойын	Жеңіс	Тең	Жеңіліс	Д-А	Ұпай
1	Реал	2	2	0	0	5-0	6
2	Шахтер	2	1	1	0	5-2	4
3	Селтик	2	0	1	1	1-4	1
4	Лейпциг	2	0	0	2	1-6	0

Чемпиондар лигасының қазіргі жеңімпазы «Реалдың» қарқыны қатты. Осы турда мадридтік командаға «Лейпциг» қарсылық көрсетіп еді. Бірақ, Карло Анчелотти баптайтын команда 80 және 90-минутта гол соғып, үш ұпайды қоржындарына салды.

«Реал» биылғы маусымда жеңілген жоқ. Ішкі чемпионатта өткізген бес ойынның барлығында ұтты. Чемпиондар лигасындағы екі матчты жеңді. Еуропа Суперкубок бәсекесінде де сүрінген жоқ. Әзірге жаңа маусымда ұпай жоғалтпаған Еуропадағы жалғыз команда осы «Реал».

Плей-оффқа шығуға үміті бар Украинаның «Шахтері» 1-турда жеңіске жетіп еді. Бұл жолы «Селтикпен» ұпай бөлісті. Шотландия клубы сырт алаңдағы ойында жеңіске жете алмағанына біраз уақыт өтті. Олар соңғы өткен 34 ойынның тек екеуінде ғана жеңіске жеткен.

### Г ТОБЫ

«Манчестер Сити» (Англия) – «Боруссия» Дортмунд (Германия) – 2:1 (Стоунз, 80, Холланд, 84 – Беллингем, 56);

«Копенгаген» (Дания) – «Севилья» (Испания) – 0:0;

№	Команда	Ойын	Жеңіс	Тең	Жеңіліс	Д-А	Ұпай
1	Манчестер Сити	2	2	0	0	6-1	6
2	Боруссия	2	1	0	1	4-2	3
3	Копенгаген	2	0	1	1	0-3	1
4	Севилья	2	0	1	1	0-4	1

Г тобының орталық матчты Манчестерде өтті. Хосеп Гвардиола баптайтын «Манчестер Сити» топтағы басты қарсыластарының бірі «Боруссияны» жеңді. Бұл ойынның тағдырын «Боруссияның» бұрынғы ойыншысы Эрлин Холланд шешті.

### Н ТОБЫ


«Ювентус» (Италия) – «Бенфика» (Португалия) – 1:2 (Милик, 4 – Мариу, 43-пен, Нерес, 55);

«Маккаби» Хайфа (Израиль) – «ПСЖ» (Франция) – 1:3 (Чери, 24 – Месси, 37, Мбаппе, 69, Неймар, 88);

№	Команда	Ойын	Жеңіс	Тең	Жеңіліс	Д-А	Ұпай
1	ПСЖ	2	2	0	0	5-2	6
2	Бенфика	2	2	0	0	4-1	6
3	Ювентус	2	0	0	2	2-4	0
4	Маккаби	2	0	0	2	1-5	0

«Ювентус» екінші ойын қатарынан ұтылды. Соңғы уақыттары турнирдің ойыны жүрер емес. Италияның ішкі чемпионатында да ала-құла өнер көрсетіп жүрген Массимилиано Аллегридің шәкірттеріне енді жеңіске топтан шыға алмай қалуы да ғажап емес. Өз алаңында «Бенфикаға» есе жіберді. Оларды енді сырт алаңда жеңу өте қиынға соғады.

Туринде 2:1 есебімен жеңіске жеткен «Бенфиканың» ұпайы түгел. Екі ойыннан алты ұпай алған португалиялықтар ПСЖ командасымен бір қатарда тұр. Соңғы рет «Бенфика» Италия жерінде 1997 жылы «Фиорентинаны» жеңген. Енді міне араға жиырма бес жыл салып, Италия жанкүйерлерін тағы да жерге қаратып кетті.



Жомарт САГЫНДЫКОВ:

# СПОРТ ВЫСШИХ ДОСТИЖЕНИЙ ПЕРЕЖИВАЕТ КРИЗИС



**НЕ СЕКРЕТ, ЧТО СЕГОДНЯ СПОРТ ВЫСШИХ ДОСТИЖЕНИЙ НЕ МЫСЛИМ БЕЗ ПЕРЕДОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ И МЕТОДОВ ТРЕНИРОВОК. ОБ ЭТОМ МЫ БЕСЕДУЕМ С ТРЕНЕРОМ ПЕРВОЙ КАТЕГОРИИ ПО САМБО ЖОМАРТОМ САГЫНДЫКОВЫМ.**

Объект для разговора выбран не случайно. Он сам неоднократный чемпион республики, победитель Кубка мира, тренер высшей категории. Подготовил несколько спортсменов в Алматы и Алматинской области, которые становились не только чемпионами республики, но и ряда международных соревнований. За счет чего его подопечные добивались успеха?

– Спорт высших достижений, – сказал Жомарт Сагындыков, – держится на трех китах: физическом совершенстве, психологии и мастерстве атлета. Однако все виды претерпевают перестройку. На современном этапе казахстанский спорт переживает тяжелые времена. Об этом красноречиво говорят результаты последних Олимпийских игр. Наша республика растеряла то, что имела ранее и спорт высших достижений переживает кризис, которого мы не испытывали даже во время резкого перехода от советской системы подготовки – к своей национальной подготовке. Даже казалось, что мы взяли все передовое из прошлого и вступили на новый путь, выстроив современную систему подготовки атлетов. Я, как тренер, могу со всей ответственностью заявить, что наставники, готовящие атлетов, опираются только на личный опыт. И мало кто отталкивается от теоретических монографий, научных трудов, написанных опытными наставниками. Мне интересна работа моего учителя Асана Жолдасбая. И я сегодня не вижу альтернативы тем методам, предложенному им в своей научной работе «Состояние проблемы физической и психологической подготовки борцов – самбистов». Это можно сказать рекомендации не только для самбистов, но и представителей других видов спорта. В ней автор выдвигает на повестку дня модернизацию современной системы физического воспитания и теории этого воспитания. При чем, основывается из собственного опыта. Ведь Асан Жолдасбай не просто теоретик, а практик с большим стажем. Сам подготовил несколько чемпионов мира, Азии, а также победителей и призеров Кубков мира, других международных состязаний по самбо, дзюдо, казакша курес.

**– Жомарт, А если быть конкретным, что вы взяли на вооружение**

**из «арсенала» своего учителя?**

– Дисциплину, выносливость и психологическую подготовку. Он, будучи тренером, сам уделял этим критериям большое внимание. Мы занимались иногда не два часа, как положено, а три и более. Этим он проверял нас на выносливость. Если спортсмен роптал по поводу усталости, то его уже не брали в основную команду. Мы старались не подвести тренера. При больших физических возможностях росло не только наше мастерство, но мы закалялись и психологически. Психология выходила на первый план особенно на соревнованиях. «Смотри и изучай слабые стороны своего противника», – советовал учитель.

В нашей повседневной тренировке были и отвлекающие моменты. Он давал расслабление. Казалось, что вот тренировка закончена. А тут команда: «Принять стойку». И все начиналось заново. До седьмого пота. Причем мы должны были учиться бросать соперника как влево, так и вправо. Однажды Асан ага мне сказал: «Нужно уметь перестраиваться. Если соперник односторонний борец, ты должен найти контририем против него». И таких примеров много. Мы-ученики Асана Жолдасбая, побеждали именно за счет характера и выносливости. Даже проигрывая 0:11 старались бороться до конца, чтобы переломить ситуацию кардинально. Этого требовал наставник. Именно через победы шла мотивация. К следующим соревнованиям ты готовился еще более усердно.

В работе Асана Жолдасбая есть разделы, которые иногда игнорируются современными наставниками. Это использование скрытых и физических и интеллектуальных ресурсов спортсмена. Ими можно считать ловкость и быстроту, координацию. Согласитесь, что эти компоненты у всех атлетов разные. И тренер должен найти им применение. Асан ага, как тренер, был хорошим психологом. Об этом он дает рекомендации и в своей научной работе. «Вы должны даже уметь падать, должны уметь делать болевые приемы», – говорил он на тренировках. – От этого зависит дальнейший ход борьбы». И давал упражнения на все случаи. И такие тренировки с большим количеством приемов помогали нам на ковре.



По словам Жомарта Сагындыкова сегодня ему больше всего интересна работа его учителя Асана Жолдасбая.

**“ Я, как тренер, могу со всей ответственностью заявить, что наставники, готовящие атлетов, опираются только на личный опыт. И мало кто отталкивается от теоретических монографий, научных трудов, написанных опытными наставниками”, говорит Жомарт Сагындыков.**

Сегодня я, как тренер, взял его методы подготовки на вооружение.

**– И как результаты?**

– Скажу так: неплохо. Например, студенты алматинского педагогического университета имени Абая, с кем я работаю, за короткий срок из аутсайдеров превратились в лидеров студенческой лиги. Имена моих некоторых воспитанников хорошо известны широкому кругу любителей борьбы. Так Аккал Отебек является чемпионкой Азии по самбо и дзюдо, победительницей этапа Кубка мира, финалистка Азиатских игр. Нургельды Киялбеков – финалист двух чемпионатов мира, и бронзовый придер планеты. Акмарал Серик – чемпионка Азии, финалистка мира среди молодежи, Мирас Байбериков и Самат Сагатбеков победители чемпионатов республики.

**– Что для вас является главным в рекомендациях Асана Жолдасбая?**

– Интеграция. Он так и пишет в своей работе: «Учебно-тренировочный процесс борцов – самбистов представляет собой интеграцию отдельных сторон спортивной тренировки – психологической, физической, технической, тактической подготовок. Так, нельзя развивать физическое качество силу без соблюдения техники движения, без психологического настроя, без преодоления возникающих трудностей. То же самое можно сказать и про развитие выносливости спортсмена. Обучение приемам борьбы невозможно без идеомоторного представления движения, без анализа ощущений, без проявления настойчивости и упорства (психологический компонент). Говоря об интеграции

физической и психологической подготовок спортсменов, мы должны четко себе представить значение место психологического компонента в развитии и проявлении физических качеств у спортсменов. На основе научных данных психологический компонент предвдварт и сопровождает физический компонент: прежде чем выполнить максимальное физическое усилие, необходимо настроиться, создать состояние мобилизационной готовности, сосредоточиться, отвлечься от постороннего, сконцентрировать внимание на выполняемом действии. Всему этому необходимо научить юных спортсменов перед тем как они начнут выступать на соревнованиях». И это правильно. Только решая все вопросы в комплексе, мы можем свершить революцию не только в самбо, но и других видах спорта. А если будут результаты, значит, высокая вероятность у атлета роста патриотических чувств, его самосознания и культуры.

Еще раз повторюсь, каждый наставник должен изжить односторонний подход к тренировочному процессу. Он просто обязан изучать научные работы своих коллег. И взять из них все передовое.

Записал  
Абай ИЛЬЯСОВ



«Я сегодня не вижу альтернативы тем методам, предложенному им в своей научной работе «Состояние проблемы физической и психологической подготовки борцов – самбистов», – считает он.



Тренер Жомарт Сагындыков и Кулімишат Еркін.

## ФУТБОЛ У МОРЯ

**В АКТАУ ПЛАНИРУЕТСЯ СТРОИТЕЛЬСТВО СОВРЕМЕННОГО СТАДИОНА НА ПОБЕРЕЖЬЕ КАСПИЯ. СТАДИОН НА 8000 ПОСАДОЧНЫХ МЕСТ ПЛАНИРУЮТ ПОСТРОИТЬ В РАЙОНЕ СОЛДАТСКОГО ПЛЯЖА. ОБ ЭТОМ СООБЩИЛИ В УПРАВЛЕНИИ ТУРИЗМА МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ**

Местные исполнительные органы совместно с инвестором разрабатывают проектно-сметную документацию строительства нового стадиона на берегу Каспийского моря. Стадион, по плану, будет иметь 8000 посадочных мест и отвечать всем нормам и критериям стандартов UEFA 4.

В данный момент известно лишь примерное месторасположение стадиона. Его планируют

построить в районе Солдатского пляжа. О стоимости проекта информации не предоставили.

– Новый стадион обеспечит возможность проведения спортивных соревнований, учебно-тренировочного процесса, физкультурно-оздоровительных и спортивно-развлекательных видов спорта. Современный комплекс будет включать в себя помещения для разминки, современные раздевалки

для команд, зал допинг-контроля, спортивные и тренировочные залы, зоны питания и досуга, офисные помещения, зоны для детей различного возраста, поля с легкоатлетической дорожкой, кабинеты неотложной помощи и многое другое. После окончания строительства дети получат возможность заниматься футболом в комфортных условиях, без опасности для здоровья и жизни, а болельщики - наблюдать за матчами любимой команды на новом, удобном стадионе, соответствующим всем современным стандартам качества, – рассказали о проекте в управлении туризма области.



## КОМПЛЕКТОВАНИЕ СПОРТИВНЫХ ШКОЛ ОБСУДИЛИ В КАРАГАНДЫ

**В УФКИС КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ ПРОШЛО СОВЕЩАНИЕ С УЧАСТИЕМ РУКОВОДИТЕЛЕЙ ВСЕХ ПОДВЕДОМСТВЕННЫХ СПОРТИВНЫХ ШКОЛ ГОРОДОВ И РАЙОНОВ, СООБЩАЕТ САЙТ УПРАВЛЕНИЯ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ И СПОРТА КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ.**

На нем обсуждались актуальные вопросы и проблемы. В первую очередь, учитывая, что начался новый учебный год, – комплектование спортивных школ на 2022-2023 гг. Отметим, что интерес к активному, здоровому образу жизни у подрастающего поколения не уменьшился. Бесплатно заниматься различными видами спорта в 35 ДЮСШ региона будут около 30 тысяч детей.

Также на совещании поднимались

такие темы, как оказание государственных услуг, открытие врачебно-физкультурного диспансера и развитие спортивной инфраструктуры. На сегодняшний день в области реализуются следующие проекты: строятся ФОКи в поселках Ботакара, им. Г. Мустафина, Топар, Егиндыбулак и городе Приозерск, спортивный комплекс в Балхаше, крытый хоккейный корт в п. Шахтерский Нуринаского района, идут реконструкция стадиона в п. Актогай, капитальный



ремонт ДЮСШ п. Молодежный Осакаровского района и текущие в СДЮСШ г. Темиртау, школах по настольному теннису и гимнастике (г. Караганда). В этом году в регионе установят 21 плоскостное сооружение – это спортивные площадки и многофункциональные хоккейные корты.

Другими словами, УФКИС и его подведомственные организации ведут активную работу в разных важных направлениях, но с одной целью – чтобы как можно больше жителей области приобщились к физической культуре, и карагандинские спортсмены завоевывали еще больше медалей.

## ЗОЛОТО И ЖЕЛЕЗО

**СПОРТСМЕН, ПРЕДСТАВЛЯЮЩИЙ ПАУЭРЛИФТИНГ МАНГИСТАУ, ИГОРЬ ТРИФОНОВ, ДОКАЗАЛ СВОЁ ПРЕВОСХОДСТВО НА МЕЖДУНАРОДНОЙ АРЕНЕ И ЗАВоеВАЛ ДВЕ БРОНЗОВЫЕ МЕДАЛИ НА ЧЕМПИОНАТЕ АЗИИ.**

Игорь Трифонов стал двойным призёром на чемпионате Азии по экипировочному и классическому жиму лёжа среди всех возрастов мировой федерации International Powerlifting Federation (IPF). Соревнование проходило с 7 по 11 сентября в Монголии. Участие

в нём принимали более 10 стран. В экипировочном дивизионе в категории 105 кг среди открытой возрастной категории Игорь занял третье место с результатом 300 килограммов. В классическом дивизионе он также поднялся на третью ступень пьедестала

с результатом 200 килограммов.

Как рассказал Игорь Трифонов, на результаты, которыми он сам остался не очень доволен, повлияла травма, полученная на чемпионате мира, который походил в мае этого года.

– Ранее, в мае на чемпионате мира, где я занял второе место, из-за новых стандартов жимовой лавки произошла техническая ошибка, в результате которой я уронил штангу весом 310 кг себе на грудь. В связи с чем проявились травмы, которые повлияли на сегодняшний результат. Времени было мало, но всё же основная задача, которая была поставлена (попасть в тройку лидеров), выполнена в обоих дивизионах. Сейчас идёт восстановление, и дальше в бой, и подготовка на следующий год на чемпионат мира. Надо исправлять технические ошибки, которые принесли трудности - новые стандарты соревновательных жимовых лавок, - поделился Игорь Трифонов.

Спортсмен выразил свою особую благодарность тренеру Аскару Шоханову и руководству школы высшего спортивного мастерства по неолимпийским видам спорта.



## ЖОЛУДЕВ/КУРМАНБАЕВ СТАЛИ БРОНЗОВЫМИ ПРИЗЕРОМИ WTT CONTENDER ALMATY

**В АЛМАТИНСКОМ ЦЕНТРЕ НАСТОЛЬНОГО ТЕННИСА ADD ЗАВЕРШИЛСЯ МЕЖДУНАРОДНЫЙ ТУРНИР WTT CONTENDER ALMATY.**



Перед началом финальных встреч президент республиканской Федерации настольного тенниса Данияр Абулгазин тепло поприветствовал всех участников соревнования и наградил почётной грамотой, медалью «За заслуги в развитии настольного тенниса в Республике Казахстан» II-й степени тренеров, арбитров, ветеранов спорта, руководителей областных федераций – всего 19 человек.

*Чемпионы и призёры WTT Contender Almaty*

**Мужчины:**

- 1 место Рувен Филус (Германия)
- 2 место Линь Юньжу (Тайбэй)
- 3 место Хирото Шинозука (Япония)
- 3 место Лян Яньнин (Китай)

**Женщины:**

- 1 место Хина Хаята (Япония)
- 2 место Фу Ю (Португалия)

- 3 место Хирано Миа (Япония)
- 3 место Сяоксин Ян (Монако)

**Мужчины, парный разряд:**

- 1 место Линь Юньжу/Ляо Чен-Тин (Тайбэй).
- 2 место Маттиас Фальк/Антон Каллберг (Швеция)
- 3 место Денис Жолудев/Сагантай Курманбаев (Казахстан)
- 3 место Ан Джэхён/Ли Сангеу (Корея)

**Женщины, парный разряд:**

- 1 место Хина Хаята/Хирано Миа (Япония)
- 2 место Шин Юбин/Чой Хёджу (Корея)
- 3 место Хуан И-Хуа/Чэн Сзу-Ю (Тайбэй)
- 3 место Чжоу Цзинь/Цзэн Цзянь (Сингапур)

**Смешанный разряд:**

- 1 место Линь Юньжу/Чэн Сзу-Ю (Тайбэй)
- 2 место Сюй Хайдун/У Янчен (Китай)
- 3 место Кристиан Плетеа/Адина Дьякону (Румыния)
- 3 место Лим Джонхун/Шин Юбин (Корея)

## ВЫХОД «ХУДОЖНИЦ»

**В СПОРТИВНОМ КОМПЛЕКСЕ ASPAN СОСТОЯЛСЯ ЧЕМПИОНАТ НУРСУЛТАНА ПО ХУДОЖЕСТВЕННОЙ ГИМНАСТИКЕ.**

Соревнования являются традиционными – они проводятся каждую осень. Их участницы – юные гимнастки 2011-2016 годов рождения, имеющие начальные спортивные разряды. Организаторы турнира – Управление по развитию физической культуры и спорта Нур-Султана и Городская федерация художественной гимнастики.

В нынешнем чемпионате соревновались 215 «художниц» из 15 школ города, кроме того, в нем участвовали гости из Жамбылской и Карагандинской областей.

По итогам стартового дня соревнований первое место в индивидуальной программе среди спортсменок 2016 года заняла воспитанница столичной школы гимнастики «Изумруд» София ГЕРЦЕН (тренер Елена ФОТИНА). Второе место – у Томирис Айбековой, третье – у Сары Аушахмановой. В групповых упражнениях победителями стали представительницы Тараза, второе место заняли спортсменки астанинского клуба художественной гимнастики «Жемчужина».



## ОПРЕДЕЛИЛСЯ СОСТАВ КОМАНДЫ КАЗАХСТАНА

**ТРЕНЕРСКИЙ ШТАБ КОМАНДЫ КАЗАХСТАНА ПО ДЗЮДО ОПРЕДЕЛИЛСЯ С СОСТАВОМ НА УЧАСТИЕ В ЧЕМПИОНАТЕ В ТАШКЕНТЕ (УЗБЕКИСТАН), СООБЩАЕТ OLYMPIC.KZ.**

**Мужчины**

- До 60 килограммов: Елдос Сметов, Магжан Шамшадин;
- До 66 килограммов: Гусман Кыргызбаев;
- До 73 килограммов: Данияр Шамшаев;
- До 81 килограмма: Абылайхан Жубаназар;
- До 90 килограммов: Дидар Хамза;
- До 100 килограммов: Ислам Бозбаев и Нурлыхан Шархан;
- Свыше 100 килограммов: Ерасыл Кажыбаев.

**Женщины**

- До 48 килограммов: Абиба Абужақынова;
  - До 52 килограммов: Гаухар Ирмагамбетова;
  - До 57 килограммов: Севара Нишанбаева;
  - До 63 килограммов: Молдир Нарынова и Есмигуль Куюлова;
  - До 70 килограммов: Анастасия Маякова;
  - До 78 килограммов: Аруна Жангельдина;
  - Свыше 78 килограммов: Камила Берликаш.
- Добавим, что ЧМ пройдет с 6 по 12 октября.


Полосу подготовил – **Дамир ТУЛЕГЕН**

# US OPEN-ДЕГІ СӘТСІЗДІКТЕН ТҮЙІН ШЫҒАРУ КЕРЕК

**НЬЮ-ЙОРКТЕ ЖҮЛДЕ ҚОРЫ 60 102 000 АҚШ ДОЛЛАРЫН ҚҰРАҒАН US OPEN-2022 ТУРНИРИ АЯҚТАЛДЫ. ТҮРЛІ СЕБЕПТЕРГЕ БАЙЛАНЫСТЫ АТАҒЫ АЛЫСҚА ЖАЙЫЛҒАН ТЕННИСШІЛЕРДІҢ БІРАЗЫ АТАЛҒАН ЖАРЫСҚА ҚАТЫСПАСА, ЖҮЛДІЗДАРДЫҢ ТАҒЫ БІР ШОҒЫРЫ ЖАРЫС БЕЛ ОРТАСЫНА ЖЕТПЕЙ СҮРІНДІ. ОСЫЛАЙША, ЕКІ АПТА БОЙЫ ЖЕР-ЖАҒАН ЖАНКҮЙЕРЛЕРІНІҢ НАЗАРЫН ӨЗІНЕ АУДАРҒАН ДҮБІРЛІ ДОДАДА ТОСЫН НӘТИЖЕЛЕР ӨТЕ КӨП ТІРКЕЛДІ.**

Ерлер арасындағы жарыстың ширек финалына жолдама алған сегіз теннисшінің бірде-біреуі бұған дейін «Үлкен дулыға» санатындағы турнирлерде топ жарған жоқ еді. Ал атақ-даңқтары алысқа жайылған Стефанос Циципас, Стэн Вавринка, Фернандо Вердаско тұсаукесер кездесулерінде жеңіліс тапса, Григор Димитров екінші айналымда сәтсіздікке ұшырады. Сол секілді Даниил Медведев, Рафаэль Надаль, Энди Маррей, Марин Чилич және басқа да дүлдүлдер алысқа шаппады. Міне, сенсацияның «көкесі» осы емес пе?!

Ширек финалда ресейлік Карен Хачанов (№31) аустралиялық Ник Кирьосты (№25),



норвегиялық Каспер Рууд (№7) италиялық Маттео Берреттини (№14), испаниялық Карлос Алькарас (№4) Апеннин түбегінің тағы бір өкілі Янник Синнерді (№13) және америкалық Фрэнсис Тиафо (№22) орыс ойыншысы Андрей Рублевті (№11) қапы қалдырды.

Алькарас пен Тиафо және Рууд пен Хачанов арасында өткен жартылай финалдық сайыста алғашқылары жеңіске жетті. Ақтық сайыста 19 жастағы Испанияның аса дарынды теннисшісі мен 23 жастағы Скандинавия түбегінің саңлағы күш сынасты. Бұл ойыншылардың екеуі де ТОП-10-дықтың қатарында. Карлостың осы күнге дейінгі ең үздік көрсеткіші – АТР турнирінде бес мәрте топ жарып, биыл Ролан Гарростың ширек финалына шығуы. Каспер биыл Ролан Гарростың финалында ойнап, аса ірі халықаралық додаларда тоғыз рет дара шықты. Сан миллион жанкүйер тағатсыздана күткен бәсеке үш жарым сағатқа созылды. Бұл сында 6:4, 2:6, 7:6, 6:3 есебімен Карлос Алькарастың жарқын жеңісімен аяқталды.

Әйелдер арасында айтарлықтай тосын нәтижелер тіркелген жоқ. Жартылай финалға жолдама алғандардың барлығы да кіл мықтылар. Бұл межеде әлемнің бірінші ракеткасы, польшалық Ига Швёнтек WTA тізімінде жетінші орынға жайғасқан белоруссиялық Арина Соболенконы сан соқтырса, мысырлық Онс Жабер (№5) франциялық Каролин Гарсияны (№17) жеңді. Ақтық сынның алғашқы сегінде Швёнтек онай жеңіске жетсе, екіншісінде Жабер әжептәуір қарсылық көрсетті. Ойын тай-брейкке ұласты. Десек те бұл жолы да польшалықтың мысы басым болды. 1 сағат 50 минутқа созылған бәсеке 6:2, 7:6 есебімен аяқталды. Осылайша, 21 жастағы Ига «Үлкен дулыға» санатындағы турнирлерде үшінші мәрте бас жүлдені олжалады. Ал 28

жастағы Онс қатарынан екінші рет финалда ұтылды. Осыдан екі ай бұрын ғана ол Лондонда ұйымдастырылған Уимблдон додасының ақтық сынында қазақстандық Елена Рыбакинаға есе жіберген еді.

US Open турнирінде Қазақстан теннисшілерінің бірде-біреуі табысты өнер көрсете алған жоқ. Бұл жолы біз Елена Рыбакинаға (WTA рейтингінде 25-орында) зор сенім артқан едік. Таяуда ғана Уимблдонда айды аспанға бірақ шығарып, бас жүлдені олжалаған еліміздің бірінші ракеткасы Нью-Йорктегі турнирдің тұсаукесер кездесуінде әлемдік рейтингте өзінен әлдеқайда төмен тұрған франциялық Клара



Бюрельге (№131) жол берді. Юлия Путинцева (№36) америкалық Аманда Анисимовадан (№22) айласын асырғанымен, екінші айналымда германиялық Юле Нимаердің (№108) осал тұсын таба алмады. Александр Бублик те дәл сол межеде сүрінді. Францияның өкілі Юго Гастонды (№72) жолынан ығыстырған жерлесіміз іле-шала Испанияның мықтысы Пабло Каррено-Бустадан (№15) ұтылды. Ал Михаил Кукушкин мен Дмитрий Попко іріктеу сынында сүрінді.

Жұптық сайыста да жолымыз болмады. Андрей Голубев пен Педро Мартинес-Порторо (Испания) және Юлия Путинцева мен Янина



Викмайер (Бельгия) бірінші кезеңде жеңілістің кермек дәмін татса, Александр Бублик пен Хольгер Витус Руне (Дания) және Александр Недовесов пен Айсам Уль-Хак Куреши (Пәкістан) екінші айналымнан аса алған жоқ. Ең тәуір нәтижеге Анна Данилина қол жеткізді. Бразилиялық Беатрис Хаддал-Майямен иық тіресе ойнаған ол үшінші кезеңге дейін жетті.

Аталған жарыста жерлестеріміз сәтсіз өнер көрсетсе де, материалдық жағдайларын біраз жақсартып алды. Жекелеген және жұптық бәсекелердегі сыйақыларды қоса есептегенде, олардың табыстары мынадай: Бублик – 138,9 мың доллар (65,27 миллион теңге), Путинцева – 131,65 мың доллар (61,86 миллион теңге), Рыбакина 80 мың доллар (37,59 миллион теңге), Кукушкин мен Попко – 33,6 мың доллар (15,78 миллион теңге), Данилина – 28,2 мың доллар (13,25 миллион теңге), Недовесов – 17,9 мың доллар (8,41 миллион теңге) және Голубев – 10,65 мың доллар (5,04 миллион теңге). Қазақстан теннисшілерінің АҚШ-тың ашық біріншілігінде тапқан жалпы табысы – 474,5 мың доллар (222,9 миллион теңге).

Ал жекелеген сайыста бас жүлдені олжалаған ойыншылар 2,6 миллион доллардан иемденді. Ақтық сында жеңілгендер сол соманың тең жартысын алды. Жартылай финалға жеткендердің есепшотына 705 000 доллар аударылса, ширек финалға шыққандар 445 000-ды еншіледі. Төртінші кезеңде ойнағандар 278 000-ды иеленсе, үшінші айналымда сүрінгендер 188 000 долларға иелік етті.

## БАРЛЫҚ ОЙЫНДА ҰТЫЛДЫ

**ШОТЛАНДИЯНЫҢ ГЛАЗГО ҚАЛАСЫНДА ШЫМЫЛДЫҒЫ ТҮРІЛГЕН ДЭВИС КУБОГІ ЖОЛЫНДАҒЫ ЖАРЫСТЫҢ ТҰСАУКЕСЕР КЕЗДЕСУİNДЕ D ТОБЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТЕННИСШІЛЕРІ НИДЕРЛАНД ҚҰРАМАСЫНАН 1:2 ЕСЕБІМЕН ҰТЫЛДЫ.**

Алғашқы болып кортқа Михаил Кукушкин шықты. Әлемдік рейтингте 214-орында тұрған жерлесіміз Таллон Грикспурмен күш сынасты. Ардагер спортшымыздың АТР тізімінде 46-сағызға жайғасқан 26 жастағы Нидерландтың өкіліне әлі жетпеді – 1:6, 6:3, 3:6. Одан кейін Александр Бубликтің өнерін тамашаладық. Үздіктер рейтингінде 44-орынды еншілеген отандасымыз Ботик ван де Зандшульпен сайысқа түсті. Мықтылардың тізімінде ол Бубликтен тоғыз сағыз жоғары орналасқан. Алғашқы сетте біздің ойыншы жеңіске жеткенімен, қалған

екеуі ван де Зандшульптің пайдасына шешілді – 6:3, 1:6, 4:6. Жұптық бәсекеде қос Александр – Бублик пен Недовесов Весли Колхов пен Матве Мидделкопты қапы қалдырды – 6:4, 1:6, 6:3. Қорытынды есеп – 1:2.

А тобындағы Швеция Аргентинадан 2:1 есебімен айласын асырды. Втобындағы Канада Оңтүстік Кореяны ұтты – 2:1. С тобындағы Аустралия Бельгияға бет қараппады – 3:0.

Жарыстың екінші кездесуінде Қазақстанның теннисшілері Дэвис кубогінің 32 дүркін жеңімпазы деген атағы бар АҚШ құрамасымен кездесіп, 1:2 есебімен жол берді.



Бастапқы жекпе-жекте Михаил Кукушкин құрама үшін 50-ші мерейтойлық матчта Тимм Полдан 1:6, 4:6 есебімен ұтылды.

Ал Александр Бублик әлемнің 12-ракеткасы Тейлор Фрицке жол берді 6:7 (6:8), 6:1, 3:6.

Соңғы жұптық ойында Александр Недовесов/Александр Бублик әлемдік рейтингте 43-орында тұрған Раджив Рам мен Джек Соктен 6:2, 7:6 (8:6) басым түсті.

Ал 18 қыркүйек күні жерлестеріміз Ұлыбританиямен күш сынасты.

Бірінші матчта Дмитрий Попко әлемдік теннистің аңызы, екі дүркін Олимпиада чемпионы Энди Маррейден жеңіліп қалды. Содан кейін Александр Бублик әлемнің сегізінші ракеткасы, Британдық көшбасшы Кэмерон Норридті сенімді түрде жеңді.

Соңғы жұптық ойында Александр Недовесов/Александр Бублик жұптық сында әлемдік рейтингтің көшбасшылары – Джо Солсбери/Нил Скупскийге әлемнің бірінші және үшінші ракеткасына нағыз жекпе-жек берді. Шайқас ең көп үш жиынтыққа созылды және олардың барлығы тай-брейкте аяқталды – 6:7, 7:6, 6:7. Бұл тамаша матч болды, оның соңында сәттілік қарсыластар қатарынан табылды.

D тобынан 1/4 финалда Нидерланд және АҚШ құрамалары шықты. Енді қазақстандықтар 2023 жылдың ақпан айында келесі Әлем чемпионатында өнер көрсету құқығы үшін ойнайтын болады. Жеребе қараша айының соңында өтеді.

## ФЕДЕРАР КАРЬЕРАСЫН АЯҚТАДЫ

**ӘЛЕМНІҢ ЕҢ ТАНЫМАЛ ТЕННИСШІЛЕРІНІҢ БІРІ 41 ЖАСТАҒЫ РОДЖЕР ФЕДЕРАР СПОРТТЫҚ КАРЬЕРАСЫН АЯҚТАДЫ. БҮЛ ЖАЙЛЫ ШВЕЙЦАРИЯЛЫҚ СПОРТШЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕ ЖАЗДЫ.**



Белгілі болғандай, келесі аптада АТР турнирі аясындағы Лейвер кубогы спортшының мансабындағы соңғы ресми жарысы болмақ.

Федерер денсаулығына байланысты бұрынғыдай жоғары деңгейде өнер көрсете алмайтынын алға тартады.

Мұны швейцариялықтың бапкері Северин Люти де растап отыр.

«Ол денсаулығын дұрыс қалыпқа келтіре алмады. Федерердің жасы 41-де. Турда өнер көрсетіп жүргеніне көп уақыт болды. 1500 кездесуден артық матч өткізді. Осы себептерге

байланысты ол теннистен кетіп жатыр», – деді бапкер.

Федерер АТР санатында 103 турнирде топ жарды. Сонымен қатар ол Уимблдон турнирінде 8, Australian Open турнирінде 5, АҚШ ашық біріншілігінде 5 және «Ролан Гаррос» турнирінде бір рет жеңіске жетті.

Жекелей жарыста бірнеше жыл бойы әлемнің бірінші ракеткасы болды. 2008 жылы Бейжің Олимпиадасының чемпионы атанса, 2014 жылы тұңғыш рет Швейцария құрамасының сапында Дэвис кубогын иеленді.

## МЕНШІК ИЕСІ ЖӘНЕ ШЫҒАРУШЫ – «Sport&ks» газетінің редакциясы» ЖШС

**Мәулетхан АҚСАНОВ** – Директор  
**Алмас ӘБДІКЕРІМҰЛЫ** – Бас редактор

**Мәдина АСЫЛБЕК** – Бас редактордың орынбасары  
**Бек ТӨЛЕУ** – жауапты хатшы  
**Оңдасын ЕЛУБАЙ** – ШҚО-дағы меншікті тілші  
**Едіге ОРАЗ** – тілші  
**Әділбек ҰДЫРЫС** – менеджер  
**Зүлфия ЖҰМАҒҰЛ** – есепші

Редакция мекенжайы: 010000, Нұр-Сұлтан қаласы  
Байланыс тел.: +77023840194

Алматы қаласында: Мұқанов көшесі, 223 «в» үй.  
Тел.: 8/727/3784200, 3784202

• Газет «Қазақ спорты» газетінің компьютерлік орталығында теріліп, беттелді.

• Хат-хабар үшін: Поштамыздың абоненттік жәшігінің мекенжайы: №2714, 010017, Нұр-Сұлтан қаласы, Асан қайғы көшесі, 73-үй.

Газет «Алматы – Болашақ» АҚ баспаханасында басылады. Алматы қаласы, С.Мұқанов көшесі, 223 «в» үй. Тел.: 8/727/3783646, 3784010

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.  
• «Қазақ спорты» газетіне жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.  
Жазылу индексі – 64190

• Газет ҚР Байланыс және ақпарат министрлігінде 2011 жылы 7 маусымда қайта тіркелген. Тіркеу күзегі № 11855 – Г

• Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2017 жылдың 24 қаңтарында қайта тіркелген. Тіркеу күзегі № 16317-Г.